

«Өнімді инновацияларды
ынталандыру» жобасын іске
асыру жөніндегі нұсқаулыққа
14-қосымша

Жобаның басқарушы комитеті
отырысының хаттамасы
«___» _____ 2021 жыл

**Өндірістік сектор консорциумдары:
Индустриялық-ғылыми технологиялық
консорциум» гранттық бағдарламасы
бойынша нұсқаулық**

Нұр-сұлтан қ., 2021

Мазмұны

1-бөлім. АНЫҚТАМАЛАР.....	3
2-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
3-бөлім. ГРАНТ ТҮРЛЕРІ.....	6
4-бөлім. ӨНДІРІСТІК СЕКТОР КОНСОРЦИУМДАРЫ II А түрі	6
5-бөлім. ӨСК II ГРАНТЫ (А түрі).....	7
6-бөлім. ӨСК II (А түрі) ӨТІНІМ БЕРУШІЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	7
7-бөлім. ӨНДІРІСТІК СЕКТОР КОНСОРЦИУМДАРЫ II В түрі.....	8
8-бөлім. ӨСК II ГРАНТЫ В түрі	9
9-бөлім. ӨСК II (В түрі) ӨТІНІМ БЕРУШІЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	10
10-бөлім. БАРЛЫҚ ӨТІНІМ БЕРУШІЛЕР ҮШІН ҚОСА ТІРКЕЛЕТІН ҚҰЖАТТАМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	10
11-бөлім. ҰСЫНЫСТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕРУ РӘСІМДЕРІ	11
12-бөлім. ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ПРОЦЕДУРАСЫ	11
13-бөлім. ӨТІНІМДІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ РӘСІМДЕРІ	17
14-бөлім. БЮДЖЕТТИ НЕГІЗДЕУ.....	21
14-бөлім. ГРАНТТЫ БАСҚАРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	24
15-бөлім. БАСҚА АҚПАРАТ	25
«ӨСК-II» ГРАНТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТІНІМ НЫСАНЫ (САУАЛНАМА)	Ошибка! Закладка не определена.

1-бөлім. АНЫҚТАМАЛАР

«Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасы (бұдан әрі – Жоба) - «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасы) ратификациялау туралы» 2016 жылғы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасы (бұдан әрі-ҚР) мен Халықаралық Қайта құру және даму банкі арасындағы 2015 жылғы 9 маусымдағы №8463-KZ келісімінің (бұдан әрі - Қарыз туралы Келісім) шеңберінде іске асырылатын жоба.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі - ЦДИАӨМ) – Жоба жөніндегі Атқарушы агенттік.

Ғылым және коммерцияландыру жөніндегі халықаралық кеңес (бұдан әрі – ҒКХК) - «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Өнімді инновацияларды ынталандыру жобасын) ратификациялау туралы» 2016 жылғы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы 2015 жылғы 9 маусымдағы №8463-KZ Қарыз туралы келісімге сәйкес Атқарушы агенттік жанындағы тәуелсіз консультативтік орган. ҒКХК АҒҚТ және КҒҚТ, PhD дайындық және зерттеулері гранттарына үміткерлерді іріктеу бойынша жетекшілік, сондай ақ олардың ғылыми және коммерцияландыру бойынша жетістіктерін мониторингтеуді қосқанда, ЖІН және ТҚІНЖ-де баяндалған талаптар, критерийлер, ұйымдастырушылық құрылыс және жұмыс тәртібіне сәйкес Жобаның барлық ғылыми мәселелері бойынша жетекшілік көрсетеді. ҒКХК сондай ақ Өндірістік сектор консорциумдары (ӨСК) мен Инклюзивті инновациялар консорциумдарын (ИИК) іріктеуде Атқарушы агенттікке кеңес беретін болады;

Өндірістік сектор консорциумдары бойынша гранттық бағдарлама (бұдан әрі – ӨСК бағдарламасы) - гранттар беру арқылы «Инновациялық консорциумдар» 2-компоненті 2.1-кіші компонентінің мақсатына қол жеткізу үшін үйлестірілген түрде басқарылатын бағдарлама.

Кіші жоба - ӨСК бағдарламасының грантымен қаржыландырылатын, ӨСК бағдарламасы шеңберінде бірегей өнім, қызмет немесе нәтиже жасау үшін атқарылған іс-шаралар кешені.

Грант туралы келісім - Атқарушы агенттік пен ӨСК грантын алушы арасындағы келісім.

Грант - ӨСК кіші жобасын іске асыру үшін ұсынылатын шартты және өтеусіз қаржыландыру.

Грант алушы - гранттық конкурстың іріктеуінен сәтті өткен және Грант туралы келісімге қол қойған заңды тұлға.

Өтінім беруші - ӨСК бағдарламасы бойынша қаржыландыруға өтінім беретін заңды тұлға.

Өтінім - гранттық қаржыландыру конкурсына өтінім беруші берген ұсыныс.

Консорциум - заңды тұлғалар белгілі бір ресурстарды біріктіріп, бизнестің нақты міндеттерін шешу үшін күш-жігерін үйлестіретін ортақ шаруашылық қызмет туралы келісім негізінде құрылған уақытша ерікті тең құқықты одақ.¹**Ғылыми-білім беру консорциумы** - ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары және басқа заңды тұлғалар (оның ішінде өндірістік салада қызмет ететін) іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, технологиялық инновацияларды әзірлеу және жоғары білікті мамандарды дайындау үшін зияткерлік, қаржылық және басқа да ресурстарын біріктіретін ортақ шаруашылық және ғылыми қызмет туралы келісім негізінде құрылған уақытша ерікті тең құқықты бірлестік.²

¹ Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІ Азаматтық кодексі (10.01.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) 233-бап. Консорциум.

² "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-ІV Заңы (28.10.2019

Ғылыми ұйым - негізгі қызметі ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығын іске асыру және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТҚЖ) болып табылатын заңды тұлға.³

Кіші жоба жетекшісі - ӨСК кіші жобасының ғылыми-техникалық іске асырылуына жауап беретін жеке тұлға.

Инновация - бұл қолданысқа жаңа немесе анағұрлым жақсартылған өнімді (тауарды немесе қызметті) немесе процесті, іскерлік практикаға, жұмыс орындарын ұйымдастыруға немесе сыртқы байланыстарға жаңа маркетингтік әдісті немесе практиканы енгізу.⁴

Коммерцияландыру – табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық тұрғыда қолдануға байланысты қызмет;⁵

Индустрия 4.0 - нақты уақыт режимінде физикалық процестердің мониторингі жүзеге асырылатын, жедел шешімдер қабылданатын, сондай-ақ технологиялардың өздері мен адамдар арасындағы өзара іс-қимылы жүретін физикалық объектілердің, процестердің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың интеграциясы.

Әлеуетті грант алушылардың үлестес тұлғалары - жасалған мәмілеге байланысты шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың біреуінің) қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге мүмкіндігі бар заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда). Әлеуетті грант алушының және әлеуетті грант алушының үлестес тұлғаларының ӨСК гранттық бағдарламасының бір кіші жобасы шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілер болуға құқығы жоқ.⁶

Консорциумның әлеуетті қатысушыларының үлестес тұлғалары - жасалған мәмілеге байланысты шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың біреуінің) қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге мүмкіндігі бар заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда). Консорциум қатысушылары өзара үлестес болмауы тиіс. Консорциумның әлеуетті қатысушылары мен консорциумның әлеуетті қатысушыларының үлестес тұлғалары ӨСК гранттық бағдарламасының бір кіші жобасының шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілері болуға құқығы жоқ.

Консорциалдық келісім - бірлескен ғылыми және коммерциялық қызметті, мүшелер арасындағы қарым-қатынасты, өзара жобаны жүзеге асыруды, сондай-ақ консорциум мүшелері арасындағы құқықтар мен міндеттерді реттеу үшін екі немесе одан да көп заңды тұлғалар, консорциум мүшелері арасында жасалған келісім.

ж.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) 1-бап. Негізгі анықтамалар, 5) Ғылыми және білім беру консорциумы .

³ "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы (28.10.2019 ж.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) 8-бап.

⁴ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік Кодексі(06.06.2020 ж.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) , 242-баптың 2-тармағы.

⁵ "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж.өзгерістермен), 1-баптың 3-тармағы.

⁶ Ерекше жағдай ретінде, егер әлеуетті грант алушылардың немесе консорциумның әлеуетті қатысушыларының үлестес тұлғаларының тауарлары, жұмыстары және/немесе көрсетілетін қызметтері өз сипаты бойынша бірегей және айрықша болып табылса, оның ішінде бәсекелес ортада қолайлы балама ұйымның болмауына байланысты және олардың қатысуы кіші жобаны табысты іске асыру үшін қажет болып табылса, Атқарушы агенттік ҒКХК-мен келісім бойынша оларды жеке тәртіппен тауарларды, жұмыстарды және/немесе көрсетілетін қызметтерді берушілер ретінде қарастыра алады.

Өндірістік кәсіпорын - иелігіндегі өндіріс құралдарын пайдалана отырып мақсатқа, бейінге және ассортиментке сәйкес өнім (өнім, қызмет көрсету) шығаруға қабілетті кәсіби ұйымдастырылған еңбек ұжымы болып табылатын жеке мамандандырылған бөлімше. Жұмысы мен іс-шаралары іске асырылатын кіші жобаның тақырыбына сәйкес келеді.

Көзделіп отырған қызметтің әсерінің скринингі - көзделіп отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерін анықтау процесі, экологиялық кодексте белгіленген өлшемшарттар негізінде қоршаған ортаға әсерін бағалау қажеттілігін немесе қажет болмауын анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

Көзделіп отырған қызметтің әсерінің скринингінің нәтижелері туралы қорытынды - уәкілетті орган берген және қоршаған ортаға әсерін міндетті бағалау қажеттігі немесе қажет еместігі туралы тұжырымдарды және олардың дәлелді негіздемесін қамтитын құжат.

Мемлекеттік экологиялық сараптама – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексіне және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес: 1) әсер етуге экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шеңберінде II санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы; 2) қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны дайындау кезінде III санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы; 3) мемлекеттік экологиялық сараптамасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне кірмейтін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік экологиялық сараптаманың өзге де объектілеріне қатысты ұйымдастыратын және іске асырылатын іс-шара.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы:

1) мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған құжаттаманың Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкестігі;

2) мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған құжаттаманы іске асыру туралы шешім қабылдаудың мүмкіндігі туралы түйіндерді қамтиды.

2-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. ӨСК бағдарламасы өндірістік сектор консорциумдары үшін гранттар ұсыну арқылы экономикадағы өндірістік секторларды жақсарту мақсатында ҒЗИ, университеттер, сондай-ақ Қазақстандағы ғылыми және инженерлік бейіндегі зертханалар мен жеке сектор кәсіпорындары арасындағы ынтымақтастықты ынталандыруға бағытталған.
2. **Гранттық бағдарламаның негізгі мақсаты - консорциумдардың инновациялық шешімдерін, ғылыми әзірлемелері және/немесе технологияларын коммерцияландыру.**
3. Кіші жобалар:
 - нарыққа бағдарланған және ғылыми тұрғыдан бәсекеге қабілетті болуға;
 - Қазақстанның қазіргі немесе болашақтағы ғылыми, экономикалық және өнеркәсіптік дамуы үшін өзекті болуы тиіс.
4. **Басым бағыттар**
 - Табиғи, оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар және құрылымдар;
 - Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыш технологиялары, жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер;
 - Энергетика және машина жасау;
 - Ауыл шаруашылығы өнімдерін, ауыл шаруашылығы мен қауіпсіздігін тұрақты дамыту;
 - Өмір туралы ғылым және денсаулық сақтау;
 - Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс (құпиялық таңбасынсыз);

3-бөлім. ГРАНТ ТҮРЛЕРІ

5. Грант түрлері:
 - ӨСК II А түрі гранты: он сегіз (18) айға дейінгі кезеңге 650 000 000 (алты жүз елу миллион) теңгеге дейін.
 - ӨСК II В түрі гранты: он сегіз (18) айға дейінгі кезеңге 250 000 000 (екі жүз елу миллион) дейін.

Қаржыландыру гранттық бағдарламаның бюджетіне сәйкес жүзеге асырылады.

4-бөлім. ӨНДІРІСТІК СЕКТОР КОНСОРЦИУМДАРЫ II А түрі

6. Индустриялық-ғылыми технологиялық консорциум (бұдан әрі - Консорциум) өнеркәсіптің жүйелік салалық міндеттерін шешуге бағытталған әзірлеу мен коммерцияландыру және перспективалық технологиялар үшін өзара үлестес емес ғылыми ұйымдар мен кәсіпорындар құрған заңды бірлестіктер болып табылады.
7. Консорциумға қатысушылар арасындағы қатынастар консорциум туралы келісіммен реттеледі.
8. Консорциум оған қатысушы ретінде жетекші шетелдік университеттерді, зерттеу ұйымдары мен кәсіпорындарды тарта алады.
9. Консорциум құрылымы:
 - Кемінде екі (2) үлестес емес өндірістік кәсіпорын және кемінде бір (1) ғылыми ұйым не «Назарбаев Университет» АҚ барлық еншілес ғылыми ұйымдармен. Ғылыми ұйымдар («Назарбаев Университет» АҚ-ны барлық еншілес ұйымдарымен қоса алғанда) және кәсіпорындар өзара үлестес болмауға тиіс.
 - Кәсіпорындардың кем дегенде біреуі (1) Қазақстанның резиденті болуы тиіс.
 - Кем дегенде ғылыми ұйымдардың біреуі (1) Қазақстанда немесе «Назарбаев университет» АҚ барлық еншілес ғылыми ұйымдармен аккредиттелген болуы тиіс.
10. Талаптарға сай келетін Консорциумның басқа қатысушылары, мемлекеттік

органдарды қоспағанда, жергілікті немесе шетелдік ұйымдар болуы мүмкін. Білімді ынталандыру және технологиялар трансферті мақсатында шетелдік компаниялардың қатысуы құпталады.

11. Консорциалдық келісімге қойылатын талаптар. Консорциалдық келісім еркін нысанда жасалады. Консорциалдық келісім кем дегенде мыналарды қамтуы керек:
- жетекші ұйымды көрсету және кіші жобаның басшысы болатын жауапты тұлғаны тағайындау;
 - консорциумға қатысушылардың тізімін көрсету;
 - қоса қаржыландыру қаражатын енгізудің көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ материалдық салымның сипаттамасы;
 - консорциалдық келісімге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері;
 - консорциалдық келісімге қатысушылардың жауапкершілігі;
 - Зияткерлік меншік (ЗМ) құқықтары және патенттік саясат.
 - ЗМ-дан басқа меншік құқығы (яғни, грант қаражатынан алынған материалдық активтерге меншік құқығы);
 - консорциум қызметінің арқасында алынған Грант қаражатынан басқа табысқа қатысты ережелер;
 - даулар мен жанжалдарды шешу;
 - грант алушы таратылған жағдайда құқықтар мен міндеттерді беру. Консорциумға қатысушылардың бірін консорциалдық келісіммен грант алушының құқықтық мирасқоры ретінде айқындау.

5-бөлім. ӨСК II ГРАНТЫ (А түрі)

12. Гранттың максималды сомасы он сегіз (18) айға дейінгі кезеңге 650 000 000 (алты жүз елу миллион) теңгені құрайтын болады.⁷

13. Міндетті нәтижелер

Кіші жобалар аяқталған сәтте мынадай нәтижелерге қол жеткізуге тиіс:

- а) Коммерцияландыру көлемі алынған Грант сомасының кемінде 20% - ын құрауы тиіс.

Грант алушы коммерциализацияға қол жеткізуі керек:

- дайын өнімді сату;
- лицензиялық шарт және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне құқықтарды басқаға беру шартын жасасу;
- іске асырылатын жобаға инвестициялар тарту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады.

- б) Кәсіпорынды автоматтандыру/цифрландыру стратегиясын енгізу.

- с) Кәсіпорынның бірінші басшысын қоса алғанда кемінде 5 маманды Индустрия 4.0 негіздеріне оқытуды жүргізу.(Сертификация)

6-бөлім. ӨСК II (А түрі) ӨТІНІМ БЕРУШІЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ӨСК II (А түрі) өтінім берушілеріне қойылатын талаптар:

14. Қазақстанның резиденттері болып табылатын өндірістік кәсіпорындар грант алу талаптарына жауап беретін негізгі өтінім беруші болып табылады. Негізгі өтінім берушілер ретінде өтінім беретін өндірістік кәсіпорындар нарықта кемінде үш (3)

⁷ Кіші жобаны іске асыру мерзімі "Өнімді инновацияларды ынталандыру" жобасының 2022 жылғы 30 қарашада аяқталатынын ескере отырып есептелуі тиіс.

немесе одан да көп жыл болуы және орташа жылдық табысы кемінде 600 000 000 (алты жүз миллион) теңге болуы тиіс⁸.

15. Өндірістік кәсіпорындар тек бір консорциумға қатысады.
16. Негізгі өтінім берушінің кіші жобаны іске асыратын тобы болуға тиіс.
17. Жобаның кез келген гранттық бағдарламасы шеңберінде бұрын қаржыландырылған заңды тұлғалар ӨСК II (А түрі) гранттық бағдарламасының негізгі өтінім берушісі бола алмайды.
18. Коммерциялық ұйымдар немесе коммерциялық емес ұйымдар ӨСК гранттық бағдарламасы шеңберінде өтінім беруші ретінде тек бір ғана кіші жобаға қатысады. Коммерциялық ұйымның немесе коммерциялық емес ұйымдардың өтінім беруші ретінде бірден артық кіші жобада қатысқаны анықталған жағдайда, олардың қатысуымен барлық өтінімдер қабылданбайды.
19. Өндірістік кәсіпорындардың бірнеше өтінімдерге қатысуы анықталған жағдайда, олардың қатысуымен барлық өтінімдер қабылданбайды.
20. **ӨСК II (А түрі) жоба тобына қойылатын талаптар:**
 - Жоба тобы саны 10 адамнан артық емес персоналдан құралуы мүмкін. Жоба тобының негізгі мүшелерінің кіші жобаны іске асыруға қатысуы жұмыс уақытының кемінде 50%-ын құрауы тиіс. Жоба тобының мүшелері ӨҚҚ шеңберінде біреуден артық өтінімде мәлімделуі мүмкін емес.
 - Кіші жоба басшысының академиялық және/немесе ғылыми дәрежесі және кемінде 7 жыл іске асырылатын кіші жобаның тақырыбына сәйкес келетін ғылыми-техникалық қызмет тәжірибесі болуы тиіс. Жетекші ӨСК гранттық бағдарламасы шеңберінде тек бір кіші жобаға қатысады.
 - Жоба тобы мүшелерінің бірнеше өтінімдерге қатысуы анықталған жағдайда, олардың қатысуымен барлық өтінімдер қабылданбайды.
21. **ӨСК II (А түрі) гранты үшін кіші жобаларды қоса қаржыландыруға қойылатын талаптар:**
 - Қоса қаржыландыруды консорциум мүшелері береді.
 - Қоса қаржыландырудың минималды сомасы грант сомасының 30%-ын құрайды.
 - Қоса қаржыландыру ақша қаражатымен енгізіледі, материалдық салым (жабдықтар, техника, жер, ғимараттар мен үй-жайлар және т.б.) қоса қаржыландыру ретінде бола алмайды.
 - Өтінімде грант сомасының 30%-нан кем қоса қаржыландыру үлесі көрсетілген немесе өтінімде көрсетілген жағдайда, өтінім қабылданбайды.
 - Қоса қаржыландыру грант туралы келісімде көзделген кестеге сәйкес толық көлемде және/немесе ішінара енгізіледі, бұл ретте қоса қаржыландырудың толық көлемі грант туралы келісімге қол қойылған күннен бастап 6 ай ішінде енгізілуі тиіс. Қоса қаржыландыру қаражатын енгізу мерзімдері мен сомалары (кесте) грант туралы келісімге қол қойылғанға дейін Атқарушы Агенттік пен өтінім беруші арасында келісіледі.

7-бөлім. ӨНДІРІСТІК СЕКТОР КОНСОРЦИУМДАРЫ II В түрі

22. Индустриялық-ғылыми технологиялық консорциум (бұдан әрі - Консорциум) өнеркәсіптің жүйелік салалық міндеттерін шешуге бағытталған әзірлеу мен коммерцияландыру және перспективалық технологиялар үшін өзара үлестес емес ғылыми ұйымдар мен кәсіпорындар құрған бірлестік болып табылады.

⁸ Өтініш беруші Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес орташа жылдық табысы 300 000 АЕК-тен немесе ~833 миллион теңгеден жоғары шағын, орта немесе ірі бизнес субъектісі болуы тиіс. ӨСК гранттық бағдарламасы үшін бұл сома 600 миллион теңгеге дейін азайтылды.

- Консорциумға қатысушылар арасындағы қатынастар консорциум туралы келісіммен реттеледі.
23. Консорциум оған қатысушы ретінде жетекші шетелдік университеттерді, зерттеу ұйымдары мен кәсіпорындарды тарта алады.
24. Консорциум құрылымы:
- Кемінде екі (2) үлестес емес өндірістік кәсіпорын және кемінде бір (1) ғылыми ұйым не «Назарбаев Университет» АҚ барлық еншілес ғылыми ұйымдармен. Ғылыми ұйымдар («Назарбаев Университет» АҚ-ны барлық еншілес ғылыми ұйымдарымен қоса алғанда) және кәсіпорындар өзара үлестес болмауға тиіс.
 - Кем дегенде ғылыми ұйымдардың біреуі (1) Қазақстанда немесе «Назарбаев университет» АҚ барлық еншілес ғылыми ұйымдармен аккредиттелген болуы тиіс.
25. Талаптарға сай келетін Консорциумның басқа қатысушылары, мемлекеттік органдарды қоспағанда, жергілікті немесе шетелдік ұйымдар болуы мүмкін. Білімді ынталандыру және технологиялар трансферті мақсатында шетелдік компаниялардың қатысуына болады.
26. Консорциалдық келісім еркін нысанда жасалады. Консорциалдық келісім кем дегенде мыналарды қамтуы керек:
- жетекші ұйымды көрсету және кіші жобаның басшысы болатын жауапты тұлғаны тағайындау;
 - консорциумға қатысушылардың тізімін көрсету;
 - қоса қаржыландыру қаражатын енгізудің көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ материалдық салымның сипаттамасы;
 - консорциалдық келісімге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері;
 - консорциалдық келісімге қатысушылардың жауапкершілігі;
 - Зияткерлік меншік (ЗМ) құқықтары және патенттік саясат.
 - ЗМ-дан басқа меншік құқығы (яғни, грант қаражатынан алынған материалдық активтерге меншік құқығы);
 - консорциум қызметінің арқасында алынған Грант қаражатынан басқа табысқа қатысты ережелер;
 - даулар мен жанжалдарды шешу;
 - грант алушы таратылған жағдайда құқықтар мен міндеттерді беру. Консорциумға қатысушылардың бірін консорциалдық келісіммен грант алушының құқықтық мирасқоры ретінде айқындау.

8-бөлім. ӨСК II ГРАНТЫ В түрі

27. Гранттың максималды сомасы он сегіз (18) айға дейінгі кезеңге 250 000 000 (екі жүз елу миллион) теңгені құрайтын болады⁹.
28. **Міндетті нәтижелер**

Кіші жобалар аяқталған сәтте мынадай нәтижелерге қол жеткізуге тиіс:

- а)** Коммерцияландыру көлемі алынған Грант сомасының кемінде 20% - ын құрауы тиіс.

Грант алушы коммерциализацияға қол жеткізуі керек:

- дайын өнімді сату;
- лицензиялық шарт және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне құқықтарды басқаға беру шартын жасасу;
- іске асырылатын жобаға инвестициялар тарту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де

⁹ Кіші жобаны іске асыру мерзімі "Өнімді инновацияларды ынталандыру" жобасының 2022 жылғы 30 қарашада аяқталатынын ескере отырып есептелуі тиіс.

тәсілдермен жүзеге асырылады.

- b) Автоматтандыру стратегиясын әзірлеу / кіші жобаны цифрландыру.
- c) Кәсіпорынның бірінші басшысын қоса алғанда кемінде 5 маманды Индустрия 4.0 негіздеріне оқытуды жүргізу.(Сертификация)

9-бөлім. ӨСК II (B түрі) ӨТІНІМ БЕРУШІЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

29. Қазақстанның резиденттері болып табылатын өндірістік кәсіпорындар грант алу талаптарына жауап беретін негізгі өтінім беруші болып табылады. Негізгі өтінім берушілер ретінде өтінім беретін өндірістік кәсіпорындар нарықта кемінде үш (3) немесе одан да көп жыл болуы және орташа жылдық табысы кемінде 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге болуы тиіс. Өндірістік кәсіпорындар тек бір консорциумға қатысады.
30. Негізгі өтінім берушінің кіші жобаны іске асыратын тобы болуға тиіс.
31. Жобаның кез келген гранттық бағдарламасы шеңберінде бұрын қаржыландырылған заңды тұлғалар ӨСК II (B түрі) гранттық бағдарламасының негізгі өтінім берушісі бола алмайды.
32. Коммерциялық ұйымдар немесе коммерциялық емес ұйымдар ӨСК гранттық бағдарламасы шеңберінде негізгі өтінім беруші ретінде тек бір ғана кіші жобаға қатысады.
33. Коммерциялық ұйымның немесе коммерциялық емес ұйымдардың негізгі өтінім беруші ретінде бірден артық кіші жобада қатысқаны анықталған жағдайда, олардың қатысуымен барлық өтінімдер қабылданбайды.
34. ӨСК II (B түрі) жоба тобына қойылатын талаптар:
 - Жоба тобы саны 7 адамнан аспайтын негізгі персоналмен жасақталуы тиіс. Жоба тобының негізгі мүшелерінің кіші жобаны іске асыруға қатысуы жұмыс уақытының кемінде 50%-ын құрауы тиіс. Жоба тобының мүшелері ӨСК шеңберінде бірден артық кіші жобада қатыса алмайды.
 - Кіші жоба басшысының академиялық және/немесе ғылыми дәрежесі және кемінде 5 жыл іске асырылатын кіші жобаның тақырыбына сәйкес келетін ғылыми-техникалық қызмет тәжірибесі болуы тиіс. Жетекші ӨСК гранттық бағдарламасы шеңберінде тек бір кіші жобаға қатысады.
 - Жоба тобы мүшелерінің бірнеше өтінімдерге қатысуы анықталған жағдайда, олардың қатысуымен барлық өтінімдер қабылданбайды.
35. ӨСК II (B түрі) гранты үшін кіші жобаны қоса қаржыландыруға қойылатын талаптар:
 - Қоса қаржыландыруды консорциум мүшелері ұсынады
 - Қоса қаржыландырудың минималды сомасы грант сомасының 30%-ын құрайды.
 - Қоса қаржыландыру ақша қаражатымен енгізіледі, материалдық салым (жабдықтар, техника, жер, ғимараттар мен үй-жайлар және т.б.) қоса қаржыландыру ретінде бола алмайды.
 - Өтінімде грант сомасының 30%-нан кем қоса қаржыландыру үлесі көрсетілген немесе өтінімде көрсетілген жағдайда, өтінім қабылданбайды.
 - Қоса қаржыландыру грант туралы келісімде көзделген кестеге сәйкес толық көлемде және/немесе ішінара енгізіледі, бұл ретте қоса қаржыландырудың толық көлемі грант туралы келісімге қол қойылған күннен бастап 6 ай ішінде енгізілуі тиіс. Қоса қаржыландыру қаражатын енгізу мерзімдері мен сомалары (кесте) грант туралы келісімге қол қойылғанға дейін Атқарушы Агенттік пен өтінім беруші арасында келісіледі.

10-бөлім. БАРЛЫҚ ӨТІНІМ БЕРУШІЛЕР ҮШІН ҚОСА ТІРКЕЛЕТІН ҚҰЖАТТАМАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

36. Жобаның Бизнес-жоспары техникалық тәсілдің сипаттамасын, қолда бар

- ресурстардың, мүмкіндіктердің, кіші жобаның нәтижелерінің (өнімнің), коммерцияландыру жоспарының (стратегиясының) сипаттамасын, есептелген қаржылық модельді қоса алғанда, кіші жобаны іске асыру тәуекелдерін қамтуы тиіс..
37. Жобаның егжей-тегжейлі бюджеті (өтінім нысанына №2 қосымша).
 38. Жобаның негізгі кезеңдері бар уақытша кестені қоса алғанда, жобаны іске асыру кестесі (өтінім нысанына №5 қосымша).
 39. Сатып алу жоспары. (Өтінім нысанына № 3 қосымша).
 40. Шығындарды есептей отырып, іссапарлардың алдын-ала жоспары.
 41. Жобаның негізгі өнімдерінің/нәтижелерінің тізімі (өтінім нысанына №4 қосымша).
 42. Команда мүшелерінің жауапкершілік матрицасы (өтінім нысанына №1 қосымша).
 43. Бухгалтерлік балансты, кірістер мен шығындар туралы есепті қоса алғанда, соңғы 3 жылдағы қаржылық есептілік.
 44. Ұйымды ғылыми аккредиттеу туралы куәлік (өтінім беру сәтінде қолданыстағы).
 45. «Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-нан плагиаттың жоқтығы туралы анықтама (хат) (өтінімге).
 46. ӨСК II (А түрі) грантына өтінім берушілердің автоматтандыру/коммерцияландыру стратегиясы (еркін нысанда)

11-бөлім. ҰСЫНЫСТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕРУ РӘСІМДЕРІ

47. Гранттық бағдарламаға қатысты ақпарат Жоба веб-сайтында жарияланады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді өтінім берушілер толтырады және портал арқылы қарауға жібереді.
48. Өтінімдерді қабылдау мерзімдерін Атқарушы Агенттік анықтайды және жобаның веб-сайтында жариялайды www.frip.kz. Өтінімдер тек ағылшын және мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылады және Портал арқылы жіберіледі.
49. Толық емес өтінімдер немесе белгіленген мерзімнен кейін берілген өтінімдер қаралмайды.
50. Атқарушы агенттік Дүниежүзілік банкпен келісім бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін ұзартуға құқылы.

12-бөлім. ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

51. Алдын ала бағалау. Алдын ала бағалауды ЖБТ мынадай әкімшілік өлшемшарттар бойынша жүзеге асырады:
 - «Өндірістік сектор консорциумдары» гранттық бағдарламасы жөніндегі нұсқаудың 4,6,7,9 және 10-бөлімдерінде көзделген ӨСК II (А түрі), ӨСК II (В түрі) грантына өтінім берушілеріне қойылатын талаптарға сай келмеуі.
52. Жоғарыда көрсетілген критерийлерге сәйкес келмейтін өтінімдер қабылданбайды.
53. Жоғарыда көрсетілген анықтамаларды ұсынбаған жағдайда өтінімдер қабылданбайды.
54. Сарапшылық бағалау. ҒКХК сарапшылары және қажет болған жағдайда басқа техникалық сарапшылар барлық қабылданбаған өтінімдерге егжей-тегжейлі сараптамалық бағалау жүргізеді. Сараптамалық бағалау бағалаудың/баллдардың негіздемесін қамтитын болады. ҒКХК-ның әрбір мүшесінің Порталда жеке кабинеті болады, жеке кабинет әрбір өтінім бойынша құпия тәуелсіз сарапшылық бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

ӨСК II өтінімдерін бағалау нысаны (онлайн)

№	Бағалау критерийлерінің атауы	Сарапшының пікірі (100 сөзден кем емес)	Баға (балл)
1	Ғылыми-техникалық әлеует, техникалық және өндірістік	- теориялық зерттеулердің аяқталуы, сертификаттау және клиенттерге көрсету үшін өнеркәсіптік үлгілерді жасауды қоса алғанда,	0-30

	тәуекелдер	<p>жобаның әзірлеу сатысына өтуге дайындығы;</p> <p>- зияткерлік меншік және қорғалу, иелену құқығы мәселелері бойынша айқындылық және жобаны коммерцияландыру кезінде оны пайдалану үшін кедергілердің болмауы;</p> <p>- жобаның көрсетілген мерзімде ұсынылатын әдістермен іске асырылуы;</p> <p>келесі мәселелер жөнінде пікірлер:</p> <p>1) ғылыми тәуекелдер-технологияны теориялық негіздеудің теріс нәтижесін, зияткерлік меншікті қорғау мүмкін еместігін қоса алғанда, технологияны ғылыми әзірлеумен байланысты;</p> <p>2) техникалық тәуекелдерге – техникалық іске асырудың мүмкін еместігін, қажетті технологиялық, шикізат базасының болмауын, экологиялық проблемаларды анықтауды қоса алғанда, техникалық/ технологиялық шешімді әзірлеуге байланысты тәуекелдер;</p> <p>3) өндірістік тәуекелдерге – өндірісті ұйымдастыруға байланысты;</p> <p>- кіші жобаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін білікті команда жеткілікті ме?</p>	
2	Нарықтық мүмкіндіктер (бизнес-жоспарды бағалау)	<p>Бизнес-жоспардың сапасы мен толықтығы?</p> <p>Бизнес-модельді бағалау?</p> <p>Әлеуетті нарықты бағалау? (аталған өнім/қызмет қандай нарыққа бағдарланған (қазақстандық немесе халықаралық) Ұсынылатын инновацияның (өнімнің, қызметтің) әлеуетті клиентін түсіну)</p> <p>Сапаны бағалау өнімді/қызметті коммерцияландыру стратегиясы?</p>	0-30
3	Өнімдер / Технология және бәсекелестік	<p>Осы өнім/қызмет үшін негізгі бәсекелес кім?</p> <p>Команда нарықта қалай бәсекелесуге ниетті: база ұсыныстары, нәтижелер және т. б.?</p> <p>Зияткерлік меншікті немесе ЗМ бойынша жоспарларды қорғаудың болуы?</p>	0-30
4	Қаржылық жоспар	<p>Қаржылық жоспардың пысықталуы.</p> <p>Команда өздерінің инновациялық өнімдерін/қызметтерін нарыққа шығару үшін қаржыландыру көлемі туралы түсініктерін қаншалықты жақсы көрсетеді?</p> <p>Қосымша қаржыландыру туралы қандай да бір растау бар ма?</p> <p>Кіші жобаны іске асыру жоспарының мәлімделген бюджетке сәйкестігін бағалау.</p>	0-10
5	Деңгейі		
ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА			100

ҒКХК барлық мүшелерінің жалпы бағалауы негізінде кіші жобаларды презентациясына жіберілген өтінімдер тізімі қалыптастырылады. ҒКХК-ның әрбір мүшесінің бағалау нәтижелері негізінде әрбір өтінім бойынша орташа балл алынады, ол ҒКХК мүшелерінің барлық қорытынды бағаларын қосып, олардың сомасын ҒКХК мүшелерінің санына бөлу арқылы есептеледі.

- ең төменгі өту шегі - 60 балл.
- жинаған баллдар тең болған жағдайда қоса қаржыландыру деңгейі жоғарырақ өтінімдерге басымдық берілетін болады.

55. Құзыретті ұйымдарда («Ғылым қоры» АҚ және «QazInnovations» АҚ) қайта қаржыландырудың болуын тексеру.

56. Презентация кезеңіндегі бағалау. Өтінімдердің ҒКХК мүшелерінің алдындағы презентациялар өткізуі Жоба веб-сайтында презентацияларды тыңдауға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын жарияланған кестеге сәйкес ағылшын тілінде өткізіледі.

Презентацияларды бағалау аяқталғаннан кейін¹⁰ ҒКХК қаржыландыруға жобалардың қысқа тізімін ұсынады және жеңімпаздарды іріктеу үшін Атқарушы агенттікке жіберілетін хаттама түрінде ұсынады. ҒКХК қаржыландыруға ұсынылмаған өтінімдер бойынша өз ұсынымдары мен жалпы ескертулерін ұсынады. Отырыстардың құқықтылығы және ҒКХК мүшелерінің шешімі ҒКХК туралы ережеде регламенттеледі.

ӨСК (А түрі) өтінімін бағалау нысаны

Бағалау критерийлері	Негіздеме: <i>әрбір бағалау критерийлері үшін кемінде 3 дәлелді пікір.</i>	Бағалау
1.Жобаның өзектілігі - <i>Техникалық-технологиялық шешімнің деңгейі жобаның технологиялық орындылығы және іске асырылуы</i> - <i>Технологияның жаңашылдық деңгейі және ең жақсы аналогтарға сәйкестігі</i> - <i>Жобаның дайындық деңгейі</i> - <i>Жобаның инновациялылығы және бәсекеге қабілеттілігі</i> - <i>Зияткерлік меншік (патенттердің болуы, авторлық құқықтар және т. б.)</i>		0-20
2. Қаржылық талдау - <i>Кіші жобаның қаржылық моделін бағалау, оның ішінде: рентабельділік, өтелу мерзімі, бұзылу нүктесі, пайда, ақшалай шығындар, өзіндік құн және т. б.)</i>		0-10
3. Әлеуметтік-экономикалық әсер - <i>Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер (кіші жобаны іске асырудан мультипликативтік әсер)</i> - <i>Маркетингтік зерттеуді бағалау, оның ішінде әлеуетті нарықты бағалау, өнімнің/қызметтің бәсекеге қабілеттілігін бағалау және т. б</i> - <i>Тапсырыс берушілер мен инвесторлардың болуы.</i> - <i>Өнімнің техникалық және экономикалық сипаттамалары және нарықтардың сипаттамасы бойынша негізделген сандық деректермен расталған, қосылған құны жоғары тауарлардың жаңа өндірістерін құруға жобаның бағытталу деңгейі;</i> - <i>Кіші жобаның коммерцияландыру стратегиясын бағалау;</i>		0-20

¹⁰ ЖБТ, Атқарушы агенттік өкілдері ҒКХК мүшелерінің жобаларды талқылауы мен бағалауына емес, презентацияларды қорғауға қатысуға құқылы.

<p>4. Консорциумның мүмкіндіктері, ресурстары және материалдық базасы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ресурстар және материалдық база -Индустриялық-ғылыми серіктестіктердің сапасы, халықаралық серіктестер, ресурстар мен кәсіпорындар. - Индустриялық-ғылыми консорциумның тұрақтылық әлеуеті. 		0-15
<p>5. Жоба командасы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жоба командасының сапасы (жоба жетекшісінің тәжірибесі/құзыреттілік деңгейі, жоба саласындағы сарапшылар/мамандардың тәжірибесі/құзыреттілік деңгейі)? - Команда нарыққа инновацияны енгізу үдерісіне қаншалықты дайын? - Командада нарыққа ұқсас өнімді енгізу тәжірибесі бар ма? 		0-20
<p>6. Цифрландыру/автоматтандыру стратегиясы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Цифрландыру стратегиясы қаншалықты сапалы және толыққанды пысықталған? - Стратегияны енгізуден күтілетін экономикалық әсер. - Кәсіпорын сарапшыларының Индустрия 4.0-ге дайындық деңгейі? 		0-15
		ең төменгі өту шегі - 60 балл.

ӨСК (B түрі) өтінімін бағалау нысаны

Бағалау критерийлері	Негіздеме: әрбір бағалау критерийлері үшін кемінде 3 дәлелді пікір.	Бағалау

<p>1. Жобаның өзектілігі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Техникалық-технологиялық шешімнің деңгейі жобаның технологиялық орындылығы және іске асырылуы - Технологияның жаңашылдық деңгейі және ең жақсы аналогтарға сәйкестігі - Жобаның дайындық деңгейі - Жобаның инновациялылығы және бәсекеге қабілеттілігі - Зияткерлік меншік (патенттердің болуы, авторлық құқықтар және т. б.) 		0-25
<p>2. Қаржылық талдау</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кіші жобаның қаржылық моделін бағалау, оның ішінде: рентабельділік, өтелу мерзімі, бұзылу нүктесі, пайда, ақшалай шығындар, өзіндік құн және т. б.) 		0-10
<p>3. Әлеуметтік-экономикалық әсер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер (кіші жобаны іске асырудан мультипликативтік әсер) - Маркетингтік зерттеуді бағалау, оның ішінде әлеуетті нарықты бағалау, өнімнің/қызметтің бәсекеге қабілеттілігін бағалау және т. б - Тапсырыс берушілер мен инвесторлардың болуы. - Өнімнің техникалық және экономикалық сипаттамалары және нарықтардың сипаттамасы бойынша негізделген сандық деректермен расталған, қосылған құны жоғары тауарлардың жаңа өндірістерін құруға жобаның бағытталу деңгейі; - Кіші жобаның коммерцияландыру стратегиясын бағалау; 		0-25
<p>4. Консорциумның мүмкіндіктері, ресурстары және материалдық базасы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ресурстар және материалдық база - Индустриялық-ғылыми серіктестіктердің сапасы, халықаралық серіктестер, ресурстар мен кәсіпорындар. - Индустриялық-ғылыми консорциумның тұрақтылық әлеуеті. 		0-20
<p>5. Жоба командасы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жоба командасының сапасы (жоба жетекшісінің тәжірибесі/құзыреттілік деңгейі, жоба саласындағы сарапшылар/мамандардың тәжірибесі/құзыреттілік деңгейі)? - Команда нарыққа инновацияны енгізу үдерісіне қаншалықты дайын? - Командада нарыққа ұқсас өнімді енгізу тәжірибесі бар ма? 		0-20

57. Ең төменгі өту шегі - 60 балл.
58. Үміткерлерге ҒКХК мүшелерінің команда ретіндегі бірауыздан қойылған қорытынды бағасы ғана көрсетіледі.
59. Экологиялық санаттау (бағалау). Өтінімдер міндетті экологиялық санаттаудан (бағалаудан) ТҚІЖ талаптарына және Дүниежүзілік банктің саясатына сәйкес жүргізіледі. А санатындағы іс-шаралар (осы Нұсқаулықтың 13-бөлімін қараңыз) және Дүниежүзілік банктің қаржыландырылмайтын іс-шараларының тізіміне енгізілген іс-шаралар және осы Нұсқаулықтың 16-бөлімінде ұсынылған ҚОӘБ үшін міндетті болып табылатын іс-шаралар Жоба шеңберінде қаржыландырылмайды.
60. Жеңімпаздарды іріктеу. Жеңімпаздарды ҒКХК ұсынымы бойынша Атқарушы агенттік айқындаған Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) іріктейді. ҒКХК қысқа тізіміне енген және алдын ала экологиялық бағалаудан өткен өтінім берушілер өздерінің кіші жобалары бойынша Комиссия алдында презентация өткізетін болады. Кіші жобалардың Комиссия алдындағы презентациялары Жоба веб-сайтында презентацияларды тыңдауға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын жарияланған кестеге сәйкес мемлекеттік немесе орыс тілінде өткізіледі.
61. ҒКХК-ның сараланған қысқа тізіміне енген, алдын ала экологиялық санаттаудан өткен және презентацияда тыңдалған кіші жобалар арасынан Комиссия жеңімпаздарды анықтайды.¹¹
62. Комиссия жеңімпаздарды ҒКХК-ның сараланған қысқа тізімінен дауыс беру арқылы іріктейді және хаттама түрінде ұсынады.
63. Жеңімпаздар Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен іріктеледі. «Қарсы» дауыс берген Комиссияның әрбір мүшесі келесі нысан бойынша әрбір өтінім бойынша егжей-тегжейлі дәлелді жауап беруі тиіс:

Өтінімді қабылдамау нысаны	
Өтінім №	
Кіші жобаның атауы	
Комиссия мүшесінің аты-жөні	
Лауазымы (жұмыс түрі)	
Қабылдамаудың негіздемесі кемінде 3 егжей-тегжейлі және негізделген дәлелдерін қамтуы керек.	

Комиссия Мүшесі Т. А. Ә. (Қолы)

Жинаған баллдар тең болған жағдайда қоса қаржыландыру деңгейі жоғарырақ өтінімдерге басымдық берілетін болады.

Қаржыландыру гранттық бағдарламаның бюджетіне байланысты жүзеге асырылады.

64. Жеңімпаздардың тізімі Жобаның веб-сайтында жарияланады. Барлық қалған өтінім берушілер жеңімпаздарды іріктегеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде өз өтінімдеріне қатысты ақпарат алады.
65. Өтінімдерді, МҒСК сараптамасының нәтижелерін және Комиссияның бағалауын өтінім берушілердің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге болмайды.

¹¹ Кіші жобаларды қаржыландыру туралы шешімді Комиссия хаттамасының негізінде Жоба бойынша Атқарушы агенттік қабылдайды, бұл ретте кіші жобаларды қаржыландыруға өтініш беруші осы Нұсқаулықтың 13-бөлімінің шарттарын орындаған кезде рұқсат етіледі.

13-бөлім. ӨТІНІМДІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ РӘСІМДЕРІ

66. ТҚІНЖ ӨИЫЖ үшін арнайы әзірленген, кіші жобаларды экологиялық бағалау және экологиялық тексеру тәртібі және және қоршаған орта мен адамдарды қорғау жөнінде Дүниежүзілік банктің талаптары және ҚР заңнамалық ережелері баяндалған құжат болып табылады. Барлық кіші жобалар Алдын ала экологиялық тексеру, Экологиялық бағалау және Қоршаған ортаға әсерді азайту процедураларынан өтетін болады. Алдын ала экологиялық бағалау кіші жоба үшін қоршаған ортаға тиісті қауіп санатын анықтау үшін кіші жобаларды талдаудың ерте сатысында жүзеге асырылатын болады. Скринингтен соң кіші жобаның санатына қарай Экологиялық бағалау жүргізілетін болады.
67. Барлық кіші жобаларға Дүниежүзілік банктің Операциялық басшылығының 4.01 «Экологиялық бағалау» операциялық саясатына сәйкес экологиялық санат берілетін болады. ТҚІНЖ-ге сәйкес жоба шеңберінде В және С санаттарының кіші жобалары ғана қаржыландырылатын болады, А санатындағы кіші жобалар қаржыландырылмайды. «В» санатына жататын кіші жобалар тиісті экологиялық бағалау жүргізіп, қоршаған ортаны қорғау жоспарын (ҚОҚЖ) әзірлеуі тиіс.
68. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экологиялық кодексіне (бұдан әрі – Экологиялық кодекс) сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ететін жоспарланып отырған қызмет осындай әсердің деңгейі мен тәуекеліне қарай төрт санатқа бөлінеді (I, II, III, IV санаттағы объектілер):
- қоршаған ортаға айтарлықтай теріс әсер ететін объектілер (I санаттағы объектілер);
 - қоршаған ортаға қалыпты теріс әсер ететін объектілер (II санаттағы объектілер);
 - қоршаған ортаға болмашы теріс әсер ететін объектілер (III санаттағы объектілер);
 - қоршаған ортаға минималды теріс әсер ететін объектілер (IV санаттағы объектілер).
69. Экологиялық кодекске 2-қосымшада қызмет түрлері және олардың негізінде қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді I, II немесе III санаттағы объектілерге жатқызу жүзеге асырылатын өзге де өлшемшарттар белгіленеді.
70. Экологиялық кодекстің 2-қосымшасында көрсетілмеген немесе онда баяндалған критерийлерге сәйкес келмейтін қызмет түрлері IV санаттағы объектілерге жатады.
71. II санаттағы объектілерге қатысты «объект» термині оның шегінде Экологиялық кодекске 2-қосымшаның 2-бөлімінде (II санаттағы объектілер үшін) көрсетілген қызметтің бір немесе бірнеше түрі, сондай-ақ объект орналастырылатын өнеркәсіптік алаң шегінде жүзеге асырылатын және эмиссиялардың көлеміне, санына және (немесе) қарқындылығына және осындай объектінің қоршаған ортаға теріс әсерінің өзге де нысандарына елеулі әсер етуі мүмкін қызметтің кез келген өзге де түрлері жүзеге асырылатын стационарлық технологиялық объектіні (кәсіпорынды, өндірісті) білдіреді.
72. III санаттағы объектілерге қатысты «объект» термині олардың шегінде Экологиялық кодекске 2-қосымшаның 3-бөлімінде көрсетілген қызмет түрлері жүзеге асырылатын құрылыс объектісін (ғимаратты, құрылысты немесе олардың кешенін) немесе алаңды білдіреді.
73. Объектіні санаттарға жатқызу:
- Экологиялық кодекске сәйкес қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жататын белгіленген қызметке қатысты-қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу кезінде;
 - Экологиялық кодекске сәйкес көзделіп отырған қызметтің әсеріне міндетті түрде скрининг жүргізуге жататын көзделіп отырған қызметке қатысты-көзделіп отырған қызметтің әсеріне скрининг жүргізу кезінде;
 - көзделген өзге қызметке қатысты - Экологиялық кодекстің талаптарын ескере

- отырып, грант алушының өзі.
74. Қоршаған ортаға теріс әсер ететін экологиялық кодекс бойынша объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.
 75. Объектілерді Экологиялық кодекстің сыныптамасы бойынша тиісті санатқа жатқызу кезінде мыналар ескеріледі:
 - қызмет түрлері (сала, саланың бөлігі, өндіріс, объект) бойынша қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейлері);
 - ластаушы заттардың шығарындыларындағы, төгінділеріндегі ластаушы заттардың уыттылық деңгейі, канцерогендік және мутагендік қасиеттері, сондай-ақ қалдықтардың жіктелуі.
 76. А санатына жататын қызмет түрлері – экологиялық қауіптіліктің жоғары деңгейі (Экологиялық кодекске сәйкес ҚОӘБ әзірлеу талап етіледі). А санатына жататын кіші жобалар ӨИЫЖ шеңберінде іске асырылмайды. Ұсынылған кіші жоба, егер оны жүзеге асыру адам денсаулығына және қоршаған табиғатқа өте маңызды, көп жақты және/немесе ұзақ мерзімді зиянды әсер етуі мүмкін болса, кіші жобаны таңдау кезеңінде дәрежесін анықтау қиын болса, осы санат бойынша жіктеледі. Мұндай әсерлер кіші жобалар алып жатқан аймақпен шектелмей, әлдеқайда үлкен көлемде зиян келтіруі мүмкін.
